



ХҒТАР 10.27.65

Ғылыми мақала

<https://www.doi.org/10.32523/2616-6844-2025-150-1-122-135>

Қазақстанда медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесінің енгізілуі: заңнамалық негізін қалыптастыру сұрақтары

Е.М. Айтказин*¹ , А.К. Кайшатаева¹ , М.Б. Муратханова² 

¹Alikhan Bokeikhan University

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(e-mail: ¹aytkazin1805@mail.ru, ²aselkz@list.ru, ³m.muratkhanova@yandex.ru)

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан Республикасында енгізілу кезеңіндегі медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесінің құқықтық негізіне талдау жасалынған.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесі – бұл жаңа және амбициялы жоба, оның заңнамалық негізі қалыптасу сатысында және қосымша теориялық-ғылыми зерттеуді қажет етеді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес дәрігер ендігі медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шартын жасаспай медициналық қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ. Яғни, сақтандырудың бұл түрі міндетті және бұл авторлардың ойынша медициналық қызмет көрсету сапасына оң әсер етуі тиіс.

Авторлардың пікірінше Қазақстан Республикасында осы жүйені енгізу зардап шеккен науқастарға өтемақы төлеуді жеңілдетуге, медициналық қызметкерді абайсызда қателік жіберген жағдайда оларды қорғауға және құқықтық мәртебесін нығайтуға мүмкіндік беруі тиіс. Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды енгізу науқас, дәрігер және медициналық ұйым арасындағы өзара әрекеттесуді жеңілдетеді. Науқастардың азаматтық-құқықтық жауапкершілік шеңберінде залалды өтеу туралы талаппен сотқа барудың қажеттілігі болмайды, ал дәрігерлер өтемақы төлеумен байланысты қаржылық ауыртпалықтармен кездеспейді.

Ғылыми мақаладағы мақсат ол аталған жаңа сақтандыру түрінің құқықтық негізіне шолу жасай отырып, оны сәтті енгізу мен заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін авторлар жаңадан қабылданған нормативтерге, заңнамаға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға жан-жақты талдау жүргізіп, ұсыныстар әзірлеген.

Түйін сөздер: медицина қызметкері, медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігі, сақтандыру, науқас, дәрігер, медициналық ұйым.

Түсті: 29.12.2024 Мақұлданды: 25.02.2025 Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

*Хат-хабарларға арналған автор

Кіріспе

Елімізде медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру жүйесі іске қосылуда. 2024 жылдың 19 сәуірінде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға [1] қол қойды. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске толықтырулар енгізілді. Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруға арналған жаңа 270-1, 270-2, 270-3, 270-4 баптары пайда болды, 7-ші және 15-ші баптар толықтырылды [2].

Сақтандырудың қолданылу тәртібін айқындайтын Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 24 шілдедегі «Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру қағидаларын бекіту туралы» [3] және «Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» [4] бұйрықтары шықты.

Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру сұрағы елімізде біраз жылдардан бері талқыланып келе жатқаны белгілі. Қоғамда әртүрлі пікірлердің болуына қарамастан жалпы мұндай сақтандыру түріне деген оң көзқарас қалыптасқан.

Аталған сақтандыру түрі еліміз үшін жаңа, оның заңнамалық негізі енді қалыптасуда. Оған арналған отандық теориялық-ғылыми зерттеулер жоқ.

Ғылыми мақаладағы мақсат ол аталған жаңа сақтандыру түрінің құқықтық негізіне шолу жасай отырып, оны сәтті енгізу мен заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін зерттеу.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланы дайындау үшін материалдар ретінде Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау қызметін реттейтін заңнамалық базасы пайдаланылып, оның ішінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің жекелеген баптарына, 2024 жылдың 19 сәуіріндегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына, 2024 жылғы 24 шілдедегі «Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру қағидаларын бекіту туралы» және «Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтарына жан-жақты талдау жасалынды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін жалпы ғылыми әдістер құрады, оның ішінде логикалық-құқықтық, жүйелік-құрылымдық және ғылыми ақпарат көздерінің аналитикалық әдістері бар. Теориялық зерттеулерден басқа, мақалада салыстыру және болжау әдістерін қолдану арқылы зерттелген объектіні тәжірибеде жүзеге асырудың болжамдары жасалынды.

Нәтижелер мен талқылау

Нәтижелер Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың тиімділігі мен оны енгізу сұрақтарын ғылыми тұрғыдан зерттеулердің болмауы осы мәселеге мән беру қажеттілігін көрсетеді. Осы уақытқа дейінгі ғылыми қызығушылықтың болмауы да бізге түсінікті, оны аталған сақтандыру түрінің елімізде бұрын соңды болмауымен түсіндіруге болады.

Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру объектісі – медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндетке байланысты кәсіптік жауапкершілік және оның мүліктік мүдделері болып табылады.

Сақтандырудың бұл түрі халықты медицина қызметкерлерінің кәсіби қателіктерінен, сапасыз медициналық қызметтен қорғаулы болуын қаматамсыз етуге бағытталған. Сонымен қатар жаңа жүйе науқастардың көрсетілетін медициналық көмектің сапасына деген сенімін арттырады деп күтілуде.

Жаңа заңнамалық өзгерістерге сәйкес ендігі дәрігердің медициналық қызметті медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шартын жасаспай жүзеге асыруға құқығы болмайды. Яғни, сақтандыру түрі міндетті, медициналық қызметпен айналысу тек сақтандыру туралы шарт жасасқаннан кейін ғана мүмкін болады.

Заңшығарушының бұл сақтандыру түрін міндетті ретінде бекітуі біз үшін түсінікті. Уәкілетті орган науқасқа келген зиянды өтеудің мемлекет аумағы бойынша бірыңғай тәртібін бекітіп, сонымен қатар оны барлығына қолжетімді, әрі кепілді ету мақсатына қол жеткізгісі келеді. Шет елдердің тәжірибелерінде міндетті емес сақтандырудың түрлері де кездеседі және біз заң жобасын ұсынбас бұрын тиісті министрліктің мұндай тәжірибелерді де зерттегеніне сенімдіміз. Алайда, шешім дұрыс деп санаймыз. Себебі, сақтандырудың міндетті болуы бастапқы кезеңде оның сәтті іске қосылуына ықпал етуі тиіс.

Сақтандыру шарттарын ресімдеу процесін жеңілдету үшін медициналық ұйымдарға сақтандыру шартын жасасуға, ал науқастарға сақтандыру төлемін электронды нысанда алуға мүмкіндік беретін бірыңғай сақтандыру пулының платформасы іске қосылуда. Қызметкерлердің жауапкершілігін сақтандыруды барлық компаниялар жүзеге асыра алмайды, онымен тек сақтандыру пулына кіретіндері ғана айналысатын болады. Бұл еліміздегі мұндай нысанда құрылатын алғашқы сақтандыру пулы болмақ, оны басқару өкілеттігі ортақ пул әкімшілігіне беріледі.

Талқылау

Медициналық көмектің нәтижесі тек болжамды болуы мүмкін. Бұл ретте жүргізілген емдеуден немесе профилактикалық іс-шаралар кешенінен кейін науқастың жай-күйінің динамикасы бағаланады. Кейбір аурулар емделмейді, ал медициналық көмек тек ағзаның өмірлік маңызды функцияларын сақтауға, асқынулардың алдын-алуға бағытталады, яғни, денсаулықпен байланысты мәселені түпкілікті шешу әрдайым мүмкін бола

бермейді. Медициналық қызметті көрсету тиісті деңгейде болғанның өзінде науқастың денсаулығының нашарлауы (бұрыннан бар аурудың асқынуы) немесе медициналық процедураларды орындау процесінде жаңа аурудың пайда болуының қауіпі әрдайым сақталады [5; 6].

Жалпы, әлемдегі коронавирустық пандемиямен байланысты оқиғалардан кейін медицина қызметкерлерінің жұмысының маңыздылығы айтарлықтай өсті. Мемлекет пен қоғам медицина мен денсаулық сақтау мәселелерін жаңаша көрді, бұл әлеуметтік саясатқа да әсер етті [7]. Денсаулық сақтау жүйесіндегі адами капиталдың рөлі мен маңызы қазіргі уақытта күмән тудырмайды. Жаңа әлемдік қауіп-қатерлерге денсаулық сақтау жүйелерінің қарсы тұра алуы мемлекеттердегі кадр даярлауға қатысты саясатқа, медицина қызметкерлерінің қызметінің ұйымдастырылуына, оларға жасалынатын еңбек жағдайларына тікелей байланысты екенін уақыт көрсетіп отыр [8].

Науқас пен дәрігер арасында туындайтын даулардың көбісінің себебі дәрігердің өз міндетін орындау кезіндегі немқұрайлылық танытуы болып табылады. Кәсіби жауапкершілікті сақтандыра отырып дәрігер науқастың оған қарсы шағымының барлық тәуекелдерін сақтандырушыға береді, ал сақтандырушы науқасқа өтемақы төлеуді жүзеге асырады. Дәрігердің науқас алдындағы кәсіби міндеттері оның өмірі мен денсаулығын қорғау, қолында бар мүмкіндіктердің барлығын пайдалана отырып науқастың денсаулығын қалпына келтіруге байланысты шаралар қолданудан тұрады. Ал медициналық немқұрайлылық - бұл мораль мен заңдарды бұзатын дәрігердің «дұрыс емес» әрекеттері болып табылады [9].

Медициналық қызмет көрсету кезінде азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылыми басылым беттерінде, конференциялар мен семинарларда кеңінен талқылануда. Бірқатар зерттеулердің нәтижелері әлемде медициналық көмек сапасының нашарлап келе жатқанын көрсеткен. Мұндай көрсеткіштер дамыған елдерде де тіркеліп, Германияда ол 3%, АҚШ-та 15% құраған [10].

Орталық Азия республикаларының (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) тәуелсіздік алуы мен жаңа нарықтық экономика көшуі қоғам тарапынан сапалы медициналық қызметке деген сұранысты арттырды [11]. Медициналық қызмет көрсету кезінде туындайтын құқықтық мәселелерді шешудің өзектілігі денсаулық сақтау саласын реформалауға түрткі болды. Заңнамалық базаны жетілдіру мен денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмек сапасын арттыру талаптары медицина қызметкерінің жауапкершілігінің жоғарылауына әкелді.

Науқаспен құқықтық қақтығыстар медициналық ұйымның беделіне де, экономикалық жағдайына да айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сондықтан, жанжал туындаған кезде нақты әрекеттер алгоритмінің болуы маңызды.

Медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін міндетті сақтандыру тәжірибесі бұрыннан бар және шет елдерде сәтті жүзеге асырылуда, мысал ретінде АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Швеция сияқты елдерде жұмыс істеп тұрған жүйелерді атауға болады [12].

Мамандардың айтуынша, медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды енгізу қажеттілігі елімізде қалыптасқан жағдаймен байланысты: Қазақстанда дәрігерлік қателіктердің ресми статистикасы жүргізілмейді, бұған қоса сапалы сараптама, жазалау шаралары және науқастар мен медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғау үшін заңнамалық база жетілмеген, ал медициналық көмек көрсету сапасы науқастардың шағымдарының саны бойынша бағаланады [13].

Отандық ғалымдардың пікірінше медицина қызметкерлері үшін кәсіби жауапкершілікті міндетті сақтандыруды енгізу өте маңызды, себебі бұл медициналық көмек көрсету кезінде зиян келтірілген жағдайда зиянды өтеу кепілдігін қамтамасыз етуге, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыруға, жанжал деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Науқасқа келтірілген залалды өтеу кепілді болады, ал медицина қызметкеріне өзі мен науқас арасында туындаған қайшылықты шешудің нақты тетігі ұсынылады. Сонымен қатар, авторлар аталған сақтандыру түрін отандық денсаулық сақтау жүйесіне сәтті енгізу үшін дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенуді, оның ішінде сақтандыру қатынастарына қатысты ережелерді жетілдіруді ұсынады [14].

В.Н. Серебровскийдің пікірінше, кәсіби жауапкершілікті сақтандыру жүйесін дамыту бірнеше маңызды шарттар орындалған жағдайда сәтті жүзеге асады, олардың қатарында:

- бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік кепілдіктердің болуы, жас мамандардың практикалық қызметінің алғашқы бес жылы ішінде міндетті түрде сақтандырылуы;

- осы сақтандыру үшін пайдаланылатын емдеу-профилактикалық мекемелерді қаржыландырудың қарастырылуы;

- медициналық қызметке лицензия алудың міндетті шарты ретінде денсаулық сақтау жүйесінің барлық тәжірибелі қатысушыларында міндетті сақтандыру полистерінің болуы;

- медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруға арналған арнайы мамандандырылған нормативтік-құқықтық базаның болуы. Бұл актілерде сақтандырудың құқықтық негіздері және тиісті полистерді алу тәртібі нақты жазылуы тиіс [15].

Сонымен, 2024 жылдың 19 сәуірінде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына [1] қол қойды. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі кодексі бірнеше баптармен толықтырылды. Мәселен, кодекске медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруға арналған жаңадан 270-1, 270-2, 270-3, 270-4 баптары қосылды, 7-ші және 15-ші баптары толықтырылды [2].

Сақтандырудың қолданылу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 24 шілдедегі «Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру қағидаларын бекіту туралы» [3] және «Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» [4] бұйрықтары шықты.

Сақтандыру қағидаларында бекітілген тәртіпке сәйкес: *«Медицина қызметкерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру денсаулық сақтау субъектісі бірыңғай сақтандыру*

(қайта сақтандыру) пулының қатысушыларымен жасалатын ортақ сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылады» [3].

Медициналық ұйым қызметтерді ұсынбас бұрын сақтандыру шартын жасасуы керек. Яғни, жаңа заңнама талаптарына сәйкес денсаулық сақтау субъектісінің медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін бірлесіп сақтандыру шартын жасаспай қызмет көрсетуге құқығы жоқ. Сақтандыру шарты жыл сайын жаңартылып отырады, оның қолданылу мерзімі ішінде күшінде болады және алғашқы сақтандыру жағдайының туындауымен тоқтатылмайды. Ұйымның немесе жеке практикадағы маманның өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасасуы осы жаңадан бекітілген медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасу міндетінен босатпайды.

Сақтандыру жарнасын төлеуге қатысты заңшығарушы маңызды шешім қабылдағанын байқауға болады. Кодекстің 270-4-бабының 2-тармағында: *«Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру денсаулық сақтау субъектісінің есебінен жүзеге асырылады» делінген [2].* Яғни, заңшығарушы сақтандыру жарнасын төлеуді медициналық ұйымға міндеттеп отыр. Ал бастапқыда талқыланған заңның жобасында жарнаның бір бөлігін тікелей зиян келтіруші ретінде медицина қызметкерінің жалақысынан алатын нұсқасы болған, сол заңның жобасын осыған дейінге жарияланған мақалаларда талқылаған болатынбыз [16; 17]. Заңның соңғы нұсқасынан көретініміз - сақтандыру медициналық ұйым есебінен жүзеге асырылатын болады және бұл шешімді біз дұрыс деп санаймыз. Себебі медициналық қызмет көрсету шарты дәрігермен емес, науқас пен медициналық қызметті көрсетуші ұйым арасында жасалынады. Сондықтан қаржылық міндеттеменің заңды тұрғыда, яғни медициналық ұйымның өзінде туындауы орынды. Екіншіден, бұл сақтандыру түрін енгізудің мақсаттарының бірі медицина қызметкерлерінің әлеуметтік және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету екенін ескерсек, мұндай шешім ақылға қонымды болып көрінеді.

Медициналық ұйым сақтандыру компаниясына жылына бір рет медициналық қызметкердің мамандығына байланысты медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қағидаларының 1-қосымшасында белгіленген мөлшерде жарна аударады [3].

Бұл төлемдердің мөлшері әртүрлі екенін де атап өту маңызды, мұндай шешім медициналық қызмет түрлеріндегі тәуекелдердің әртүрлі болуымен түсіндіріледі. Мысалға, акушерлер 23,1 АЕК, ал пульмонологтар 9 АЕК мөлшерінде сақтандырылады. Бұл сомалар минималды, яғни берілген мөлшерден кем болмауы тиіс. Сондай-ақ, сақтандыру жағдайы туындаған кездегі минималды төлемдер де бекітілді. Оның тәртібі Кодекстің 270-4-бабының 3-тармағында айқындалған:

«Сақтандыру төлемінің мөлшері медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандыру шарты негізінде айқындалады және мынадай мөлшерден кем болмайды:

1) медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пациенттің өмірі мен денсаулығына келтірілген, мынадай мүгедектіктің белгіленуіне алып келген зиян үшін:

– үшінші топ – бес жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш;

- екінші топ – алты жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш;
- бірінші топ – сегіз жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш;
- мүгедектігі бар бала – бес жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш;

2) медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пациенттің өмірі мен денсаулығына келтірілген, оның өліміне алып келген зиян үшін үш мың еселенген айлық есептік көрсеткіш;

3) медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пациенттің өмірі мен денсаулығына келтірілген, мүгедектік белгіленбеген зиян үшін ауруға байланысты нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ үш жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде» [2].

«Centras Insurance» сақтандыру компаниясы аталған сақтандыру бойынша ұсынылып отырған тарифтер орынды және заңнамада белгіленген ең төменгі сақтандыру сыйақылары мен төлемдері объективті деп санайды. Компания өкілінің пікірінше: «өтемақы науқастың денсаулығы мен өміріне келтірілген залалды өтеуді ғана емес, сонымен қатар сот органдарында медицина қызметкерінің өзін қорғауға жұмсалатын шығындарды да ескереді». Бүгінгі күнде «Centras Insurance» сақтандыру компаниясы медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін ерікті негізде сақтандырады және сыйақы мөлшерін айқындау кезінде медициналық мекеменің бейіндік бағытын, мамандығын, қызметкердің жұмыс өтілін және сақтандыруға мәлімделген медицина қызметкерлерінің біліктілік санатын назарға алады.

Ал «Freedom Insurance» сақтандыру компаниясының өкілі Тахмина Амраеваның пікірінше: «сыйақылар мен төлемдер қаншалықты әділ және тиімді екенін бағалау әзірше қиын. Оны кем дегенде бір жылдан кейін, жиналған сыйақылардың резерві мен келіп түскен талаптардың мөлшерін есептей отырып айтуға болады» [18].

Тағы бір маңызды мәселе – науқасқа келтірілген зиян үшін жауапкершілікті туындататын сақтандыру жағдайын анықтауда болып отыр. Мәселен, Кодекстің 270-1-бабының 5-тармағында: «Медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пациенттің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады» делінген. Бірақ сонымен бірге «Медициналық оқыс оқиға сақтандыру жағдайы болып табылмайды» деп баса айқындалады. Кодекстің 270-3-бабының 1-тармағында мынадай ұғым түсіндіріледі: «Қазақстан Республиканың әкімшілік және қылмыстық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына сәйкес медициналық көмек көрсетуге және технологияларды, жабдықтар мен құралдарды пайдалануға байланысты, пациенттің өмірі мен денсаулығына зиян келтіруі, сондай-ақ пациенттің өліміне алып келуі мүмкін организмнің қалыпты жұмыс істеуінен ауытқуға негізделген оқиға медициналық оқыс оқиға болып табылады» [2].

Бұл жерде басты назарға ілінетін маңызды тұсы осы «стандарттарға сәйкестік» деп жорамалдаймыз. Егер дәрігер медициналық процедураларды ережелерге сәйкес орындап, бірақ соған қарамастан науқас отадан кейін қайтыс болса, бұл жағдай «организмнің қалыпты жұмысынан ауытқуы» ретінде бағалануы мүмкін. Мұндай

жағдайда медициналық көмек көрсетушінің әрекеті қателік деп есептелмейді, сол себепті сақтандыру жағдайы да туындамайды.

Осы тектес мәселелерді анықтау үшін әрбір жағдайға жеке сараптама жасап, шешім қабылдайтын тәуелсіз сараптама комиссиясы құрылатын болады. Комиссия отырыстарына науқастың туыстары немесе өзі қатысуға құқылы, сараптаманың қорытындысымен келіспеген жағдайда науқас, оның туыстары немесе өкілдері сотқа жүгіну мүмкіндігіне ие.

Денсаулық сақтау ұйымы сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын тәуелсіз сараптау комиссиясын (кемінде бес адам - сарапшы немесе бейінді мамандар) шақыруы тиіс. Сонымен қоса олар денсаулыққа келтірілген зиянның дәрежесін белгілеулері керек.

Алматы клиникалары қауымдастығының атқарушы директоры, «Медконструктор» дәрігерлер бірлестігінің мүшесі Р. Дүйсеновтың пікірінше осы сараптау комиссиясын құру мен оның жұмысын ұйымдастыруда мәселелер туындауы мүмкін. Маманның сөзінше: «біріншіден, әрбір шағымға арнайы сараптау комиссиясын құру үшін бізде сарапшылар жетпей қалуы мүмкін, екіншіден, оларды ынталандыру мәселесі де бар. Ешкім өз уақытын біреудің мәселесін талқылауға қатысуға тегін жұмсамайтыны айтпаса да түсінікті. Ал сарапшыларға төленетін шығынды медициналық ұйым төлеуге мәжбүр болады.

Нәтижесінде, кішігірім ауруханалардың әкімшілігі шағымды сақтандыруға жеткізбеуге тырысатын болады, оның орнына науқаспен тікелей келісуге әрекет жасап, қаржыны оған ұсынуға тырысады. Ал бұл жағдайда сақтандырудың да мәні жойылады» [19].

Жоғарыда аталған пікірлер қоғамда бар, белгілі бір деңгейде қолдау тапқаны анық, заң жобасын да бірден қабылданды деп айтуға келмейді, ол Парламенттің талқылауынан салыстырмалы түрде ұзақ өтті.

Дегенмен, елімізде медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың жалпы қабылданған тәртібі осындай. Сақтандыру жүйесі енді ғана іске қосылуда, оның іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін бағалау әзірше мүмкін емес. Нәтижесін уақыт көрсететін болады.

Қорытынды

Қазақстан Республикасында осы жүйені енгізу зардап шеккен науқастарға өтемақы төлеуді жеңілдетуге, медицина қызметкерін абайсызда қателік жіберген жағдайда қорғауға, сол арқылы құқықтық мәртебесін нығайтуға мүмкіндік беруі тиіс.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды енгізу науқас, дәрігер және медициналық ұйым арасындағы өзара әрекеттесуді жеңілдетеді. Науқастардың азаматтық-құқықтық жауапкершілік шеңберінде залалды өтеу туралы талаппен сотқа жүгінудің қажеті болмайды, ал дәрігерлер өтемақы төлеумен байланысты қаржылық ауыртпалықтармен кездеспейді.

Әзірше бұл сақтандырудың нәтижесін бағалау мүмкін емес, ол толыққанды қолданысқа еніп үлгермеді, сақтандыру шарттары енді жасалынуда. Бастапқыда, сақтандыруды

қолданысқа енгізу үшін қажет заңнама қабылданды, сақтандыру шартының үлгісі бекітілді. Қабылданған нормативтік актілердегі олқылықтар туралы да айту асығыстық болар еді әзірше.

Дегенмен, бір аңғарғанымыз, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінде болсын, Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру қағидаларында да «Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру» түсінігі ашылмаған, ал ол қажет деп санаймыз. Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру қағидаларының 1-ші тараудың 2-ші тармағында берілген негізгі ұғымдардың қатарында аталған сақтандырудың анықтамасы да болуы тиіс.

Анықтаманы бекіту медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың нақты заңнамалық ұғымын бекітіп, оған қатысты әртүрлі оқулар мен бұрмалаулардың алдын алатын болады. Анықтама келесідей мәтінде болуы тиіс деп санаймыз: «Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру – медицина қызметкерлерінің медициналық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде науқастың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның өтелуін сақтандыру».

Авторлардың қосқан үлесі

Мақаладағы зерттеуді жүргізуде авторлардың үлесі ортақ. Мақаланы жазу барысында атқарылған жұмыстар келесідей нақтыланады:

Айтказин Е.М. – автор ұсынылып отырған ғылыми мақаланы жазуда айтарлықтай үлес қосты. Заңнамалық өзгерістерге талдау жасады, мәліметтер жинады және эмпирикалық деректерді талдады, сонымен қатар зерттеу қорытындыларын жасады. Мәтінді бағалау арқылы мақаланың мазмұнына талдау жүргізді, мақаланың күшті және әлсіз тұстарына сыни шолу жасады. Зерттеу қорытындысы мен ұсыныстарының бастапқы нұсқасын әзірлеп, өзге авторлармен ортақ талқылауға ұсынды.

Кайшатаева А.К. – автордың үлесі негізінен зерттеудің теориялық аясын анықтаудан тұрды. Әдеби шолу мен заңнамалық өзгерістерді талдау негізінде автор мақаланың теориялық шеңберін жасап, одан әрі зерттеудің негізгі ұғымдарын, мәселелері мен бағыттарын анықтады. Зерттеу қорытындысы мен ұсыныстарын әзірлеуге өз үлесін қосты.

Муратханова М.Б. – автордың үлесі негізінен әдеби шолудан тұрады, мақаланы өзекті және сенімді деректермен қамтамасыз ету үшін зерттеу тақырыбы бойынша заңнамалық базаға, ғылыми мақалаларға, зерттеулерге және құқықтық материалдарға кең шолу жасады. Зерттеу қорытындысы мен ұсыныстарын әзірлеуге өз үлесін қосты.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруымен іске асырылудағы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіндегі құқықтық жауапкершілік тетіктерінің тиімділігі: ұлттық басымдықтар және халықаралық стандарттар» (АР 19674495) гранттық ғылыми жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 74-VIII Заңы. [adilet.zan.kz](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000074). Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000074> (өтініш берген күні: 21.11.2024).
2. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі. [adilet.zan.kz](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360). Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> (өтініш берген күні: 21.11.2024).
- 3.«Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 58 бұйрығы. [adilet.zan.kz](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034803). Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034803> (өтініш берген күні: 21.11.2024).
4. «Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін ортақ сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 57 бұйрығы. [adilet.zan.kz](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034802). Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034802> (өтініш берген күні: 21.11.2024).
5. Козьминых, Е. (2001) Обязательства вследствие причинения вреда здоровью при оказании медицинских услуг. Российская юстиция, № 2, - С. 32-34
6. Стеценко, С.Г. (2004) Медицинское право: учебник. СПб., стр. 545
7. Галиакбарова, Г.Г., Жаркенова, С.Б. (2022) Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің еңбегін құқықтық реттеу: Қазақстанның еңбек заңнамасындағы қайшылықтар мен олқылықтар. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы, №2 (139), 50-68 бб. doi: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-139-2-50-68>
8. Хасенов, М.Х. (2021) О некоторых вопросах регулирования труда медицинских и фармацевтических работников в отдельных государствах ОЭСР. Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Право, №4 (137), С. 98-109. doi: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2021-137-4-98-109>
9. Sitepu, F.L. (2020) Legal Review Doctor's Professional Liability Insurance To Patients. Law Science, Volume 2, No 1, p. 34-42. doi:10.35335/jls.v2i1.1613
10. Кузнецова, Н.В. (2014) Особенности гражданско-правовой ответственности медицинских работников. Медицинская сестра, №6, С. 50-56
11. Imankulova, B.N., Dzhusupov, K.O. (2018) Some Issues of Occupational Health of Health Care Workers in Central Asia (Review). Annals of Global Health, Volume 84, No 3, p. 459-464. doi: <https://doi.org/10.29024/aogh.2329>
12. Павлова, С.Д., Цыбусов, А.П. (2024) Страхование профессиональной ответственности медицинских работников. Проблема и необходимость. Международный научно-исследовательский журнал, №7 (145), С. 1-4. doi: <https://doi.org/10.60797/IRJ.2024.145.34>
13. Камалиев, М.А., Ракишева, А.С. (2016) Проблемы страхования профессиональной медицинской ответственности в Казахстане, 08.03.2016, izron.ru, Доступно по ссылке: <https://izron.ru/articles/sovremennaya-meditsina-aktualnye-voprosy-i-perspektivy-razvitiya-sbornik-nauchnykh-trudov-po-itogam-sektsiya-26-obshchestvennoe-zdorove-i-zdravookhranenie-spetsialnost-14-02-03/problemy-strakhovaniya-professionalnoy-meditsinskoj-otvetstvennosti-v-kazakhstane/> (дата обращения: 1.12.2024.).
14. Alchimbayeva, M., Rakhypbekov, T., Bazarova, G., Baimagambetova, A., Tsigengagel, O. (2022) Medical Liability, Defensive Medicine, and Introduction to Professional Insurance in the Republic of Kazakhstan. Review Articles, Volume 10, No F, p. 495-500. doi: <https://doi.org/10.3889/oamjms.2022.8410>

15. Аверьянова, О.В., Андреев, С.И., Прокудин, Ю.А., Семенов, С.Л. (2020) Особенности института страхования профессиональной ответственности медицинских работников. Вестник российской военно-медицинской академии, № 2 (70), С. 142-145

16. Кайшатаева, А.К., Айтказин, Е.М. (2023) Қазақстан Республикасында медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізудің өзектілігі. Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы, № 4 (30), 24-34 бб. doi: 10.52425/25187252_2023_30_24

17. Разиева, Д.Б., Айтказин, Е.М., Амирова, М.А. (2023) Қазақстан Республикасында медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру. Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы, №2 (73), 53-62 бб. doi: 10.52026/2788-5291_2023_73_2_53

18. Сколько денег страховые компании будут выплачивать за врачебные ошибки и в каких случаях, 22.05.2024, kz.kursiv.media, Доступно по ссылке: <https://kz.kursiv.media/2024-07-25/print1044-klmh-medicine/> (дата обращения: 13.12. 2024).

19. Тысячи поводов, чтобы отказать, 22.05.2024, time.kz, Доступно по ссылке: <https://time.kz/articles/territory/2024/05/22/tusyachi-povodov-chtoby-otkazat> (дата обращения: 18.12 2024).

Е.М. Айтказин¹, А.К. Кайшатаева¹, М.Б. Муратханова²,

¹Alikhan Bokeikhan University

²Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева

(e-mail: ¹aytkazin1805@mail.ru, ²aselkz@list.ru, ³m.muratkhanova@yandex.ru)

Внедрение системы страхования профессиональной ответственности медицинских работников в Казахстане: вопросы формирования законодательной основы

Аннотация: В статье проведен анализ правовых основ внедряемой в Республике Казахстан системы страхования профессиональной ответственности медицинских работников.

Система страхования профессиональной ответственности медицинских работников - это новый и амбициозный проект, законодательная основа которого находится на стадии формирования и требует дополнительных теоретико-научных исследований.

В соответствии с действующим законодательством - врач больше не имеет права осуществлять медицинскую деятельность без заключения договора страхования профессиональной ответственности медицинских работников. То есть данный вид страхования стал обязательен и это по мнению авторов положительно скажется на качестве оказания медицинских услуг.

По мнению авторов, внедрение данной системы в Республике Казахстан должно облегчить выплату компенсации пострадавшим больным, защитить медицинского работника в случае непреднамеренной ошибки и укрепить правовой статус врача в отечественной системе здравоохранения. Внедрение страхования профессиональной ответственности медицинских работников облегчает взаимодействие между пациентом, врачом и медицинской организацией. Пациентам не нужно будет обращаться в суд с иском о возмещении ущерба в рамках гражданско-правовой ответственности, а врачи не столкнутся с финансовым бременем, связанным с выплатой компенсации.

Целью научной статьи является разработка предложений по успешному внедрению данной системы и совершенствованию законодательства. Представлен правовой обзор данного вида страхования, изучены особенности нормативного регулирования страхования профессиональной ответственности медицинских работников.

Для достижения указанной цели авторами проведен анализ новых законодательных инициатив, изменений и дополнений в действующем законодательстве, делаются выводы и предложения.

Ключевые слова: медицинский работник, профессиональная ответственность медицинских работников, страхование, пациент, врач, медицинская организация.

Y.Aytkazın¹, A. Kaishatayeva¹, M.Muratkhanova²

¹*Alikhan Bokeikhan University,*

²*L.N. Gumilyov Eurasian National University*

(e-mail: ¹aytkazin1805@mail.ru, ²aselkz@list.ru, ³m.muratkhanova@yandex.ru)

Introduction of the system of professional liability insurance for medical workers in Kazakhstan: issues of formation of the legislative framework

Abstract: The article analyzes the legal basis of the system of professional liability insurance of medical workers being implemented in the Republic of Kazakhstan.

The system of professional liability insurance of medical workers is a new and ambitious project, the legislative basis of which is at the stage of formation and requires additional theoretical and scientific research.

In accordance with the current legislation – a doctor no longer has the right to carry out medical activities without concluding a contract of professional liability insurance for medical workers. That is, this type of insurance has become mandatory and this, according to the authors, will have a positive impact on the quality of medical services.

According to the authors, the introduction of this system in the Republic of Kazakhstan should facilitate the payment of compensation to injured patients, protect the medical worker in case of inadvertent error and strengthen the legal status of the doctor in the domestic health care system. The introduction of professional liability insurance for medical workers facilitates interaction between the patient, the doctor and the medical organization. Patients will not need to go to court with a claim for damages under civil liability, and doctors will not face the financial burden associated with the payment of compensation.

The aim of the scientific article is to develop proposals for successful implementation of this system and improvement of legislation. The legal review of this type of insurance is presented, the peculiarities of normative regulation of professional liability insurance of medical workers are studied.

To achieve this goal, the authors analyze new legislative initiatives, changes and amendments in the current legislation, draw conclusions and proposals.

Key words: medical worker, professional liability of medical workers, insurance, patient, doctor, medical organization.

References

1. «Kazakstan Respublikasynyn kejbir zannamalyk aktilerine densaulyk saktau мәseleleri bojnsha ozgerister men tolyktyrular engizu turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2024 zhylygy 19 säuirdegi № 74-VIII Zany. adilet.zan.kz. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000074> (zhugingen kuni: 21.11. 2024).

2. «Halyk densaulygy zhäne densaulyk saktau zhujesi turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2020 zhylygy 7 shildedegi № 360-VI Kodeksi. adilet.zan.kz. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> (zhugingen kuni: 21.11. 2024).
3. «Medicina kyzmetkerlerinin käsiptik zhauapkershiligin saktandyru kagidalaryn bekitsu turaly» Kazakstan Respublikasy Densaulyk saktau ministrinin 2024 zhylygy 24 shildedegi № 58 bujrygy. adilet.zan.kz. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034803> (zhugingen kuni: 21.11. 2024).
4. «Medicina kyzmetkerlerinin käsiptik zhauapkershiligin ortak saktandyrudyn ulgilik shartyn bekitsu turaly» Kazakstan Respublikasy Densaulyk saktau ministrinin 2024 zhylygy 24 shildedegi № 57 bujrygy. adilet.zan.kz. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034802> (zhugingen kuni: 21.11. 2024).
5. Koz'minyh, E. (2001) Objazatel'stva vsledstvie prichineniya vreda zdorov'ju pri okazanii medicinskih uslug. Rossijskaja justiciya, № 2, S. 32-34
6. Stecenko, S.G. (2004) Medicinskoe pravo: uchebnik. SPb., str. 545
7. Galiakbarova, G.G., Zharkenova, S.B. (2022) Medicina zhäne farmaceutika kyzmetkerlerinin enbegin kukyktyk retteu: Kazakstannyn enbek zannamasyndagy kajshylyktar men olkylyktar. L.N. Gumilev atyndagy Eurazija ulttyk universitetinin Habarshysy. Kukyk serijasy, №2 (139), 50-68 bb. doi: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-139-2-50-68>
8. Hasenov, M.H. (2021) O nekotoryh voprosah regulirovaniya truda medicinskih i farmacevticheskikh rabotnikov v otdel'nyh gosudarstvah OJeSR. Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya Pravo, №4 (137), S. 98-109. doi: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2021-137-4-98-109>
9. Sitepu, F.L. (2020) Legal Review Doctor's Professional Liability Insurance To Patients. Law Science, Volume 2, No 1, p. 34-42. doi:10.35335/jls.v2i1.1613
10. Kuznecova, N.V. (2014) Osobennosti grazhdansko-pravovoj otvetstvennosti medicinskih rabotnikov. Medicinskaja sestra, №6, S. 50-56
11. Imankulova, B.N., Dzhusupov, K.O. (2018) Some Issues of Occupational Health of Health Care Workers in Central Asia (Review). Annals of Global Health, Volume 84, No 3, p. 459-464. doi: <https://doi.org/10.29024/aogh.2329>
12. Pavlova, S.D., Cybusov, A.P. (2024) Strahovanie professional'noj otvetstvennosti medicinskih rabotnikov. Problema i neobhodimost'. Mezhdunarodnyj nauchno-issledovatel'skij zhurnal, №7 (145), S. 1-4. doi: <https://doi.org/10.60797/IRJ.2024.145.34>
13. Kamaliev, M.A., Rakisheva, A.S. (2016) Problemy strahovaniya professional'noj medicinskoj otvetstvennosti v Kazahstane, 08.03.2016, izron.ru, Dostupno po ssylke: <https://izron.ru/articles/sovremennaya-meditsina-aktualnye-voprosy-i-perspektivy-razvitiya-sbornik-nauchnykh-trudov-po-itogam-/sektiya-26-obshchestvennoe-zdorove-i-zdravookhranenie-spetsialnost-14-02-03/problemy-strahovaniya-professionalnoy-meditsinskoj-otvetstvennosti-v-kazahstane/> (data obrashheniya: 1.12.2024).
14. Alchimbayeva, M., Rakhypbekov, T., Bazarova, G., Baimagambetova, A., Tsigengagel, O. (2022) Medical Liability, Defensive Medicine, and Introduction to Professional Insurance in the Republic of Kazakhstan. Review Articles, Volume 10, No F, p. 495-500. doi: <https://doi.org/10.3889/oamjms.2022.8410>
15. Aver'janova, O.V., Andreev, S.I., Prokudin, Ju.A., Semenov, S.L. (2020) Osobennosti instituta strahovaniya professional'noj otvetstvennosti medicinskih rabotnikov. Vestnik rossijskoj voenno-meditsinskoj akademii, № 2 (70), S. 142-145
16. Kajshataeva, A.K., Ajtkazin, E.M. (2023) Kazakstan Respublikasynda medicina kyzmetkerlerinin käsibi zhauapkershiligin saktandyru zhujesin engizudin ozektiligi. Kukyk korgau organdary akademijasynyn zharshysy, № 4 (30), 24-34 bb. doi: 10.52425/25187252_2023_30_24

17. Raziyeva, D.B., Aйтказин, Е.М., Amirova, M.A. (2023) Kazakstan Respublikasynda medicina kyzmetkerlerinin käsibi zhauapkershiligin saktandyru. Kazakstan Respublikasynyn Zannama zhäne kukyktyk akparat institutynyn Zharshysy, №2 (73), 53-62 bb. doi: 10.52026/2788-5291_2023_73_2_53

18. Skol'ko deneg strahovye kompanii budut vyplachivat' za vrachebnye oshibki i v kakih sluchajah, 22.05.2024, kz.kursiv.media, Dostupno po ssylke: <https://kz.kursiv.media/2024-07-25/print1044-klmh-medicine/> (data obrashhenija: 13.12.2024).

19. Tysjachi povodov, chtoby otkazat', 22.05.2024, time.kz, Dostupno po ssylke: <https://time.kz/articles/territory/2024/05/22/tysyachi-povodov-chtoby-otkazat> (data obrashhenija: 18.12.2024 g.).

Авторлар туралы мәліметтер:

Айтказин Е.М. – хат-хабарларға арналған авторы, докторант, «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі, Мәңгілік ел көш., 11, 071400, Семей, Қазақстан

Кайшатаева А.К. – заң ғылымдарының кандидаты, «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі, Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректоры, Мәңгілік ел көш., 11, 071400, Семей, Қазақстан

Муратханова М.Б. – заң ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» білім беру мекемесі, «қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының доценті, Тәуелсіздік көш., 39/146, 010000, Астана, Қазақстан

Айтказин Е.М. – автор для корреспонденции, докторант, учреждение образования «Alikhan Bokeikhan University», ул. Мәңгілік ел, 11, 071400, Семей, Казахстан

Кайшатаева А.К. – кандидат юридических наук, Проректор по стратегическому развитию и науке, учреждение образования «Alikhan Bokeikhan University», ул. Мәңгілік ел, 11, 071400, Семей, Казахстан

Муратханова М.Б. – кандидат юридических наук, доцент кафедры «Уголовно-правовых дисциплин», учреждение образования «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева», ул. Тауелсиздик 39, кв 146, 010000, Астана, Казахстан

Aytkazin Y. – the author for correspondence, Doctoral student, educational institution «Alikhan Bokeikhan University», Str. Mangilik el, 11, 071400, Semey, Kazakhstan

Kaishatayeva A. – Candidate of Juridical Sciences, Vice-rector for strategic development and science, educational institution «Alikhan Bokeikhan University», Str. Mangilik el, 11, 071400, Semey, Kazakhstan

Muratkhanova M. – Candidate of Juridical Sciences, Associate Professor of the Department of Criminal Law Disciplines, educational institution «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Tauelsizdik 39, kv 146, 010000, Astana, Kazakhstan



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).